



Ақмешіт

28 шілде
сейсенбі
№56 (2268)
2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала мен Тасбөгет арасы...

Бүгінде облыс орталығында жол жөндеу жұмысы қарқын алды. Бас шаһардың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Назарбаев даңғылы, А.Иманов, Бозғұл-1, Наурыз және Ш.Есенов көшелерін қайта жаңғырту» жобасы жүзеге асуда. Мердігер мекеме «УАД» компаниясы жұмысты мерзімінен бұрын аяқтауды жоспарлап отыр.

Бас мердігер «УАД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жоба аясында Н.Назарбаев даңғылын күрделі жөндеуден өткізді. Кенттегі Есенов және Амангелді көшелері төрт жолақтыға кеңейді. Жаяу жүргінші жолы, су ағатын арнайы лотоктар орнатылуда. Жаңа асфальт төселіп, заманауи жарықшамдар орнатылды.

Айта кету керек, кейінгі жылдары өңірдегі жол инфрақұрылымы жобалары қарқынды әрі жүйелі. 2022-2026 жыл-

дары 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салу, күрделі жөндеу үшін 185,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Қала ішіндегі негізгі көшелермен қатар, шет аймақ жолдарын жөндеуге де басымдық берілген. Қазіргі уақытта көшелер жаңартылып, жол сапасы артты және тұрғындарға қолайлы жағдай жасалуда.

Биыл 23,6 млрд теңгеге қаладағы, қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтердегі 70 көше қайта жаңғыртылуда, күрделі және орташа жөндеуден өтеді. Өткен жылы көлік кептелісін азайту және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру үшін бірқатар көше кеңейтілді. Атап айтқанда, әуежай, Шиелі ауданынан кіреберіс, Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралық, Қожа Ахмет Яссауи, Жаппасбай батыр көшелері мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төрт жолақты болды.

«Ақмешіт-ақпарат»



«Ақмешіт-ақпарат» қоғамдық

«БАЙ БОЛАМ ДЕСЕҢ, КӘСІП ҚЫЛ»

БАЗАРДАН БАСТАЛҒАН БИЗНЕС



Кез келген жетістіктің артында үлкен дайындық пен өмірлік тәжірибе жататыны анық. Ірі бизнес бір күнде құрылмайды, қарапайым еңбек, өмірлік тәжірибе және қателіктерден сабақ алу маңызды. Кейіпкеріміз де бизнестің биік белестерін бағындырмас бұрын, уақыттың талай сынынан өткен. Өз кәсібін базарда зат сатудан бастап, уақыт өте келе бірнеше бағытты қатар дамытқан табысты кәсіпкерге айналды. Қазақстан республикасы жеңіл атлетика федерациясы Қызылорда облыстық филиалы президенті, «BIAL» спорт компаниясының директоры Асхат Шәукенбаев Сырдария ауданына қарасты Ішкәрдәрия ауылындағы №191 орта мектепте 9-сыныпқа дейін білім алып, кейін арман қуып Қызылорда қаласына келеді. Мұнда техник-электрик мамандығы бойынша оқуға түсіп, үлкен өмірге қадам басады.

– Біздің студенттік кезіміз 2000-2004 жылдармен тұспа-тұс келді. Ол кездің нарығы да, ақшаның құны да қазіргіден мүлдем бөлек еді. Еліміз егемендік алған 1991 жылдан 2000 жылға дейін елде инфляция болғаны тарихтан белгілі. Әрине, ауылдағы балалық шағымызда қолға көп ақша түсе бермегендіктен, мұндай экономикалық қиындықтарды аса сезіне қоймадық. Ал қалаға келіп, студент атанғанда шамамен 1400-1500 теңге көлемінде стипендия алатынбыз. Қызығы сол, осы ақша бізге нақты бір айға еркін жететін. Қазір қарап отырсаңыз, екінші

бірінің қалтасында ақша бар, алайда құны жоқ. Ал біздің жас кезімізде көп нәрсеге қол жетпейтін, ақшамыз аз болса да, көңіліміз тоқ, шүкіршілігіміз көп еді. Бала кезде болашаққа деген арман-жоспар көп болушы еді. Ішкі істер органында қызмет етсем деген мақсат болды. Десе де, уақыт өте келе өмір ағымы бізді бизнес саласына алып келді. Алғашында басқа қалалардан тауар әкеліп, қарапайым сауда-саттықтан бастадық. Осылайша тәжірибе жинақтай келе, 2015 жылы өзіміздің жеке дүкенімізді аштық – дейді кәсіпкер.

4-БЕТТЕ

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

– Жобаның екінші кезеңі сана-латын оң жағалаудағы Бейбарыс сұлтан көшесінен гидротоспаға дейін ұзындығы 2,5 шақырым жол құрылысы да аяқталды. Сондай-ақ көлік ағынының артуына байланысты былтыр Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының Бейбарыс сұлтан көшесінен бастап Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралығындағы екі жолақты жол төрт жолаққа кеңейтілді. Осы жұмыспен бірге дария бойындағы 8 демалыс аймағы халыққа қолайлы етіп қайта абаттандырылды. Екіншіден, биыл жағалауға қатысты үшінші жоба іске асырылды. Ол дария бойымен, яғни Әбілқайыр хан көшесінен М.Саламатов көшесіне дейін ұзындығы 2,9 шақырым жол салынды. Бұл жобада да дария бөгетін нығайту, веложолға, жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары қатар жүрді, – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Бердібек Шөкенов.


Шаһардағы тағы бір инфрақұрылым – Сырдария өзенінің сол жағасындағы жаяу жүргіншілер және веложол. Бейбарыс сұлтан көшесіндегі көпірден бастап Тасбөгет кентіндегі гидротоспаға дейін жалғасатын құрылысқа жағалаудағы қорғаныс бөгеттерін нығайту да кіреді.

– Құрылыс сәуір айында басталды. Қазір дария жиегінде бөгет көтеру, өзен жағасын бекіту жұмыстары қарқын алды. Сондай-ақ биіктетілген бөгетті су шаймау үшін арнайы

ДАРИЯ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ҚАЛА НЕМЕСЕ ЖАҒАЛАУ ЖАЙЫ

Сырдария – тіршілік нәрі ғана емес, қала сәні. Дария жағасындағы қала тұрғындарының демалыс орны да осы жер десек қателеспейміз. Бүгінде өзен жағалауын уақыт талабына сай абаттандыру жұмысы жүруде.

Жағалауды абаттандыру 2016 жылы қолға алынды. Сол уақытта Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылы құрылысының бірінші кезеңі басталған. Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі 6,7 шақырымдық екі жолақты жол салынды. Жобада Сырдария өзенінің бөгетін нығайту, веложолға, жаяу жүргіншілер жолы да бар еді.



тас төселуде. Осы жұмыстардан соң ені 6 метрлік жүргіншілер жолы мен веложол құрылысы да басталды. Бұған қиыршық тас пен топырақтан бөлек, үстіңгі бетіне асфальт төселетіні белгілі. Жалпы жолдың ұзындығы 2,5 шақырымнан асады, – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің сектор меңгерушісі Тілеухан Насырадин.

Құрылысқа жауапты мердігер – «Қаратас Майнинг» ЖШС. Жобаға 3 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Жауаптылардың сөзінше, дария жағасындағы жол құрылысы аяқталған соң арнайы қоршау қойылып, 110 жарықшам орнатылмақ. Сондай-ақ тұрғындар серуендегенде демалатын орындықтар, қоқыс жәшіктері және қауіпсіздік бейнекамералары қарастырылған.

Ендігі кезекте осы жобаның төртінші кезеңін жүзеге асыруға жоба-сметалық құжат әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған. Бұл жобада М.Саламатов көшесінен бастап Қ.Махамбетов көшесіне дейін дария жағалауымен жол құрылысын салу, Қ.Махамбетов, Марал ишан көшелерін екі жолақтан төрт жолаққа дейін кеңейту қарастырылған. Жолдың ұзындығы 2,4 шақырым, қазір қаржыландыру үшін облыстық бюджетке өтінім берілген. Қаржы бөлінсе, құрылысы да көп ұзамай басталады.

«Ақмешіт-ақпарат»

23 тамыз –

Құрылтай сайлауы. Бүгінде сайлауға бақ сынамаққа бекінген 7 партия үгіт-насихат жұмысын жүргізуде. Парламенттегі қос палатаның жауапкершілігін арқалайтын Құрылтай жүгі жеңіл болмайтыны анық. Осы

орайда, саясаттанушы Мұрат Насимовпен сұхбаттасудың сәті түсті.



Мұрат НАСИМОВ, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған профессоры:

ҚҰРЫЛТАЙҒА ҚОЙЫЛАТЫН БАСТЫ ТАЛАП — ҚОҒАМНЫҢ СЕНІМІН НЫҒАЙТУ

– Жаңа Конституция күшіне енгеннен кейінгі алғашқы саяси дода – Құрылтай сайлауы. Бұл сайлаудың бұған дейінгі сайлаулардан ерекшелігі қандай?

– Құрылтай сайлауын Қазақстанның саяси жүйесінің жаңа кезеңге өткенін көрсететін елеулі саяси оқиға ретінде бағалауымызға болады. Алғашқы Құрылтай сайлауы жаңа Конституциялық модельдің іс жүзіндегі тұңғыш сынағы болмақ. Басты ерекшелік Конституцияда жаңғырған саяси жүйе аясында өтуінде жатыр дер едім. Сондықтан осы уақытқа дейін өткен сайлаулардан айырмашылығы Конституциядағы мемлекеттік билік тармақтары өкілеттіктерін қайта қарастырудан туындаған саяси бәсекелестікке қойылатын талаптар өзгерістерімен байланысты. Тамызда өтетін сайлауда қоғамның саяси жаңғыруға сұранысы мен мемлекеттік институттардың сол сұранысқа жауап беру қабілеті апробацияланады. Демек, осы сайлаудың өлшемі ашықтық, бәсекелестік, қоғам мүшелерінің сенімі және сайланған депутаттардың азаматтардың мүддесін қаншалықты қорғай алатындығында болмақ. Нәтижесі жаңа саяси институттар тиімділігі мен қоғамның оларға сенімінен байқаймыз. Сондықтан бұл сайлауды еліміздегі саяси жаңғырудың аяқталған кезеңімен салыстырғанда, саяси жүйенің дамуындағы алғашқы қадам шеңберінде қарастырылған дұрыс.

2-БЕТТЕ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Құрылтай депутаттарына заң шығару қызметінің сапасы мен жеделдігін арттыру міндеті жүктелетінін айтты. Демек, Құрылтай құрамына артылар жүк жеңіл емес...

– Биліктің қай тармағына болсын, жүктелетін жауапкершілік әрдайым жоғары. Өйткені азаматтарды заңдардың саны емес, сапалық деңгейі қызықтырады. Қабылданған әрбір заң азаматтардың күнделікті өмірі, экономиканың дамуы және мемлекеттік институттардың әлеуетіне әсер етеді. Президенттің қойып отырған міндеті кездейсоқ туындаған жоқ. Бүгінде барлығымыз әлемдегі геосаяси жағдайды көріп отырмыз. Экономикалық өзгерістер де өте жылдам жүріп жатыр. Мұндай ахуалда Құрылтай да туындаған өзгерістерге дер кезінде жауап бере алуы тиіс. Бірақ жеделдік қабылданған заңдар санымен өлшенбегені дұрыс. Әрбір заң жобасы жан-жақты талқыланып, ғылыми сараптамадан өтіп, әлеуметтік және экономикалық салдары алдын ала бағалануы қажет.

Депутаттар заң қабылдаумен қатар сайлаушылар мен мемлекет арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Өңірлер мәселелерін республика деңгейіне шығарып, түрлі әлеуметтік топтар мүдделерін ескеріп, атқарушы биліктің қызметіне пәрменді парламенттік бақылау жүргізеді. Бұл қазіргі заманғы заң шығарушы орган жұмыстарының өзекті құрамдас бөлігі. Сондықтан жана депутаттық құрамның жұмысы қабылданған заңдар сапасы және қоғамдағы нақты мәселелерді шешуге қосқан үлесінен көрінеді. Бүгін халық осы нәтижені күтіп отыр.

– Сайлауда бақ сынайтын партиялар белгілі болды. Саясаттанушы ретінде партиялардың бәсекеге қабілетін қалай бағалар едіңіз?

– Партиялық саясаттың бәсекеге қабілеті заманауи демократияның барометрі. Бәсекелестік партиялық жүйенің негізін құрайды. Тұжырым демократияның негізгі алғышартын көрсетеді, яғни сайлау азаматтарға келешекті таңдауға итермелейді. Кейбір партиялық жүйелерде қағаз жүзінде көптеген таңдаулар ұсынылады, бірақ сайлау бәсекелестігі жоқ. Бір партиялық жүйелер бәсекеге қабілетті болуы мүмкін, бірақ жетекші партиялар сайлаушыларға барлығына ортақ идеялар мен ауыспайтын көшбасшыларды ұсынады. Осы ерекшеліктер үйлесімі бір партиялық жүйені екіншісінен ажыратады және демократияның атқарып жатқан қызметін көрсетеді.

жылға дейінгі сайлауалды бағдарламалары мен ұрандары қарастырылып, әрбір сайлау науқанында көтерілген көзқарастар мен ұрандар талданды. Нәтижесінде еліміздегі саяси партиялардың сайлауалды тұғырнамаларына шолу жасалып, әлеуметтік мәселелер айқындалды. Сайлауға қатысқан саяси партиялардың әлеуметтік мәселелерді көтеру тақырыптары салыстырылып, таңдауға ықпалы жүйеленді.

Сонымен қатар саяси ғылымдарда электроралды мінез-құлық теориясы қалыптасқан. Қазіргі заманғы саясаттанушылар сайлаушылардың қалай дауыс беретінін түсіндірудің төрт негізгі тұжырымдамасын ұсынады: «Адам қалай өмір сүрсе, солай ойлайды» идеясына негізделген әлеуметтанулық модель; дауыс берушінің ішкі көзқарастарына бағытталған әлеуметтік-психологиялық модель; қысқа мерзімді факторларға назар аударатын сайлау науқаны үстемдігі теориясы. Осы тұста төртінші рационалды таңдау теориясы сайлаушыны өз пайдасын барынша арттыруға тырысатын өзімшіл тұтынушы ретінде қарастырады. Азамат бағдарламасы оған ең аз шығынмен өміріндегі ең үлкен материалдық жақсартуды уәде еткен кандидатқа немесе партияға дауыс береді. Сондықтан сайлаушының ұзақ жазылған тұғырнамаларды оқуға ынтасы жоқ, пайданы көздейді немесе өзгенің ықпалы болады.

– Қоғамда көп талқыланып жатқан тақырып – әртістер мен блогерлердің кандидат ретінде ұсынылуы. Бұл ел назарын аудару үшін жасалған технология ма, әлде саналы шешім бе?

– Өмірде болып жатқан барлық өзгерістер таңдаған технологиямен ауысады. Белгілі бір жетістікке жетуге қойылған талаптар тайм-менеджментпен қатар, қалай жетемін

Мұрат НАСИМОВ, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған профессоры:



ҚҰРЫЛТАЙҒА ҚОЙЫЛАТЫН БАСТЫ ТАЛАП – ҚОҒАМНЫҢ СЕНІМІН НЫҒАЙТУ

Саясаттанушы ретіндегі пікірім, партиялардың бәсекеге қабілеттілігін олардың сайлауалды бағдарламаларымен анықтай алмаймыз. Негізгі көрсеткіштерге сайлаушылармен тұрақты жұмыс істеу деңгейі, өңірлердегі әлеуеті, азаматтардың нақты мәселелерін шешуі және электротар сеніміне ие болуы жатады. Қазақстандағы партиялық жүйесіндегі соңғы реформалар саяси алаңдағы бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік берді. Дегенмен, партиялардың идеологиялық ұстанымдарынан бөлек, қоғамдық қолдау мен ұйымдастырушылық күші ерекше басымдыққа ие.

Тамыздағы сайлауда әр партия өзінің электроралдық базасын сақтап қалу және кеңейтуге ұмтылатыны анық. Бірі әлеуметтік саясатқа басымдық берсе, енді бірі кәсіпкерлікті қолдау, өңірлік даму мен мемлекеттік басқаруды жетілдіру мәселелерін дамытуға тырысады. Сондықтан сайлау бағдарламаларының мазмұны, берілген уәделердің орындалу тетіктері де шешуші мәнді иеленеді. Демократиялық қоғамдағы ең маңызды компонент партиялар арасында шынайы саяси бәсекенің болуы. Егер әрбір саяси күш өз ұстанымын дәлелді ұсынып, қоғаммен ашық диалог жүргізе алса, сайлаушылардың таңдау мүмкіндігін кеңейтеді және Құрылтай жұмысының сапасын арттырады.

– Қоғам партиялардың атауы мен жетекшісіне мән береді де, олар ұсынған бағдарлама назардан тыс қалып жатқандай. Яғни партиялардың бағдарламасын оқып, талдау жағын әлі де үйренбеген сияқтымыз...

– Расында бұл барлық елге тән құбылыс. Көптеген елде сайлаушылардың кейбір бөлігі партияның бағдарламасына қарағанда, оның көшбасшысы, танымал тұлғалары мен имиджін назар аударады. Өйткені бағдарламаны толық оқып, ұсыныстардың жүзеге асу мүмкіндігін бағалау саяси сауаттылықты талап етеді. Дегенмен, демократиялық қоғамда сайлаушының таңдауы партияның нақты бағдарламасына негізделеді. Жоғарыда айтылған пікірде бәсекелестікке қатысты айтылды, бірақ, сайлаудан кейін орындалатын міндеттемелер дәл сол құжатта көрініс табады. Сондықтан бағдарлама – партияның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты көзқарасын көрсететін негізгі саяси құжат.

Кейде сайлауалды бағдарламалар тек сарапшы түсінетіндей жалпы сипатта жазылады немесе нақты іс-әрекет тетіктері жеткілікті көрсетілмейді. Егер бағдарламалар қарапайым тілде жазылып, максаттар, мерзімдер және күтілетін нәтижелер айқын көрсетілсе, азаматтардың бағдарламаны оқуға қызығушылығы артуы мүмкін. Бірақ барлық электротар оқып шығады дей алмаймын. Демек, мәселе сайлаушылардың бағдарламаны талдауында емес секілді. Саяси мәдениет, азаматтық білім және партиялардың қоғаммен коммуникациясының да ықпалы бар. Сайлау мәдениеті дамыған сайын азаматтар партиялар аты, төрағасы, ұсынған бағдарламасының мазмұны, шынайылығы және орындалу мүмкіндігін түсіне бастайды. Процесс демократиялық құндылықтарды дамыта түседі.

2022 жылы жарияланған мақалада Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың 1999 жылдан 2021

технологиясына сүйенеді. Саясатта да қоғаммен байланыс, пікір туындатуда саяси технологиялар қолданылады. Демек, технология қолданылды және елімізде алғаш рет қолданылып отыр дей алмаймыз. Қоғамда көп талқыланып жатқанына келсек, әлеуметтік желі беріп жатқан мүмкіндіктер және көзқарастарын білдіре алатын қолданушылар саны артты.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, саясатқа өнер, спорт, медиа саласынан танымал тұлғалардың келуі қалыпты ахуал. Сондықтан әртістер мен блогерлердің кандидат ретінде ұсынылуын саяси технология немесе саналы шешім деп бағалау біржақты болар еді. Біріншіден, саяси партиялар қоғамда танымал тұлғаларды сайлау науқанына тартуда электроралдық қолдауын жетілдіру және сайлаушылардың назарын аударуды көздейді. Таң қалатын, талдайтын мәселе көріп тұрғаным жоқ, өйткені бұл демократиялық елдерде кеңінен қолданылатын саяси коммуникацияның бір тәсілі. Екіншіден, кандидаттың танымал болуы оның тиімді жұмыс істейтінін білдірмейді. Конституцияның 52-бабының 1 тармағында жазылғандай, «Қазақстан Республикасының Құрылтайы – заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы». Сондықтан депутаттан саяси-құқықтық сауаттылық, мемлекеттік басқару мәселелерін түсіну, қоғамдық мүддені қорғау қабілеті және заң шығару жұмысына белсенді қатысу талап етіледі. Егер кандидат осы талаптарға сай келсе, оның бұрынғы кәсібі шешуші фактор болмауы тиіс.

Сондықтан мәселені «әртис пе, блогер ме?» деп көтермей, «ол Құрылтайда қоғамның мүддесін қаншалықты қорғайды, заң шығару жұмысына қандай үлес қоса алады?» сенімімен бағалау әлдеқайда дұрыс. Сайлаушының таңдауына да кандидаттың танымалдығы жеткіліксіз, ең алдымен саяси партияны қолдауымен өлшенеді. Сайлаудан кейін партиялар депутаттыққа үміткерлердің кәсіби дайындығы және қоғамдық жауапкершілігіне байланысты негізделген шешім қабылдайтындығына сенеміз. Мұның барлығы саяси мәдениеттің маңызды көрсеткіші.

– Қоғамның саяси мәдениетіне қандай баға берер едіңіз?

– Кейде «қоғамдық өмірдегі барлық процестерге неге саясаттанушының пікірі қажет?» деп ойлаймын. Мәселен, Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында ел өмірін дамытудағы барлық салалардың келешегі талданады, ілгерілету бағыттары ұсынылады. Демек, логикам дұрыс болса, барлық азамат көзқарастарын білдіріп, талдағаны дұрыс. Сол кезде саяси мәдениет жоғары деңгейде деп бағалар едім.

Қазақстан қоғамының саяси мәдениеті дамып келеді деп айтуға болады. Азаматтардың мемлекеттік шешімдер, сайлау үдерістері, қоғамдық талқылауларға қызығушылығы жоғарылағаны байқалады. Әсіресе, әлеуметтік желілердің дамуы саяси ақпараттың қол-жетімділігін кеңейтіп, азаматтардың қоғамдық пікір қалыптастыруға белсенді араласуына мүмкіндік берді. Кейінгі жылдары әлеуметтік желілердегі, оның ішінде «Facebookтегі» әкімдіктердің ресми парақшаларындағы наразылық белгілері бар пікірлерді зерттеп келеміз. Бірнеше зерттеулерім жарық көрді. «Facebook» әлеуметтік

желісіндегі мониторинг нәтижесінде анықталған негативті және наразылық сипаттағы пікірлердегі негізгі тақырыптар талданған зерттеуіміз осы жылы жарияланады. Сауалнама нәтижелеріне қарағанда, пікірлерді талдау әдісі тиімді көрінді. Бір қызығлтатыны, саяси тақырыптағы мәселелер бойынша наразылық пікірлерді көбіне фейк-аккаунттар жазып, қоғамда дүрбелең туғызады. Өзі ашық жаза алмайтын, батылы жоқ мұндай желі қолданушылар психикасын түсіне алмадым. Мұндай адамдармен ортақ қоғамдық өмір үрей туғызады. Өйткені жалған аккаунтта кез келген адам отырады, тіпті, билікті мақтап, өзге парақшада дағатп отыратын әріптесін де болуы ықтимал.

Саяси мәдениет саяси қатысу және саяси жаңалықтарды бақылаумен өлшенбейді. Саяси мәдениет азаматтардың мемлекеттік институттарды түсінуі, өз құқықтары мен міндеттерін білуі, түрлі саяси көз-

Деректер бір ғана тенденцияны көрсетеді, сайлаушылардың электроралдық белсенділігі жылдан-жылға төмендеп келеді. Демек, қоғамда саяси абсентеизмнің күшеюі байқалады. Әсіресе, Парламент сайлауындағы қатысу деңгейінің 50 пайыз шамасына дейін төмендеуі азаматтардың өкілді билікке қызығушылығы мен сенімінің әлсірегенін аңғартады. Сондықтан алдағы Құрылтай сайлауының басты міндеттерінің бірі азаматтардың сайлау процесіне сенімін қалыптастыруды жалғастыру қажеттілігімен байланысты секілді.

– Құрылтайдан не күтесіз?

– Құрылтайдан сапалы заң қабылдау және қоғамның өзекті мәселелеріне дер кезінде жауап бере алатын қызметті күтеміз. Жана депутаттық құрам халықтың сенімін ақтап, әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық дамуға ықпал ететін өкілді орган болғанын қалаймын.

Меніңше, Құрылтайға қойылатын басты талап – қоғамның сенімін нығайту. Қазір азаматтардың мемлекеттік институттарға қоятын талабы бұрынғыдан әлдеқайда жоғары. Халық саяси ұрандарға мән бермейді, нәтиже күтеді. Егер Құрылтай қоғамда көтеріліп жүрген мәселелерді дер кезінде шешуге ықпал ете алса, беделін де, өкілді билікке сенімді де арттырады. Сонымен қатар жана депутаттық құрамнан саяси пікір алуандығының күшейгенін көргім келеді. Құрылтайда түрлі көзқарастардың ашық талқылануы кез келген демократиялық процестердің табиғи белгісі. Түрлі пікірлердің болуы әлеуетті шешім қабылдауға мүмкіндік беретін фактор.

Тағы бір мәселе, сабақтастықпен жанашилдықтың үйлесімі. Жана депутаттар тың идеялар мен жана тәсілдер ұсынса, тәжірибелі депутаттар институционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Осы екі фактор тиімді үйлескен жағдайда ғана Құрылтай өз әлеуетін толық пайдалана алады. Сондықтан Құрылтайдан қандай да бір сенсациялық өзгерістерге қарағанда, саяси институт ретінде кәсібиліне түскенін күтеміз. Өйткені демократиялық ілгерілеудің табысы тұрақты дамумен өлшенеді.

– Кейінгі кезде «ықпалды Парламент» термині қалыптасқаны белгілі. Құрылтайдың ел мүддесіне қызмет ететін ықпалды болуы үшін қандай талаптар орындалуы тиіс?

– «Ықпалды Парламент» мемлекеттік саясатқа ықпал ете алатын Парламент. Оның ықпалы атқарушы билікпен тиімді жұмыс, қоғамдық пікірге құлақ асу және мемлекеттік шешімдердің сапасын арттыруға қосқан үлесінен көрінеді.

Ең алдымен, Парламенттің дербестігі маңызды. Депутаттар заң жобаларын қолдап, кәсіби саралап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізіп, қоғамға қажетті шешімдер ұсына алуы керек. Парламенттік пікірталастың сапасы артқан сайын қабылданатын заңдардың да сапасы жоғарылайды.

Екіншіден, маңызды талап парламенттік бақылаудың тиімділігі. Демократиялық мемлекеттерде Парламенттің негізгі функцияларының біріне Үкімет қызметіне бақылау жасау жатады. Үкімет жұмысына сын айтуға көп назар аудармай, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бағалау, бюджет қаражатының жұмсалудың қадағалау және атқарушы биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге мән берген жөн.

Үшіншіден, Парламент қоғаммен тығыз байланыста болуы қажет. Азаматтардың ұсыныстары мен сарапшылардың пікірлері заң шығару процесіне жүйелі түрде енгізілген кезде ғана қабылданатын шешімдердің маңыздылығы артады. Қазіргі таңда дәлелге негізделген саясат қағидасы көптеген дамыған елдердің парламенттік тәжірибесінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Қазақстан да осы бағытты күшейткені жөн.

Сондықтан «ықпалды Парламент» ұғымын кәсібилік, ашықтық және қоғамның сеніміне ие болуымен байланыстырған дұрыс. Егер осы қағидалар толық іске асса, Құрылтай елдің стратегиялық дамуына нақты ықпал ететін мемлекеттік институтқа айналады.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

PS. Сұхбатта айтылған зерттеулермен танымсыз келетін оқырмандар болса, толық мәліметтері төменде.

1. Nassimov M.O. Election programs and political slogans in Kazakhstan // Codrul Cosminului. – 2022. - №28(1). - P. 115–144. <https://doi.org/10.4316/CC.2022.01.06>
2. Nassimov M.O. Protest comments on Facebook after the “January Tragedy” of 2022 in Kazakhstan (the first 7 days after the resumption of wired and mobile internet) // Balkan Social Science Review. – 2025. №25. – P. 375–407. <https://doi.org/10.46763/BSSR252525375n>

ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
23 августа



ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ДИРИЖЕР

Жуық арада Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері, өнер зерттеушісі Мүсілім Әмзепің «Қазақстан дирижерлік өнері» атты зерттеу кітабы қолыма тиген еді. Көз жүгіртіп шықтым. «Орхон» баспа үйі кескінін келістіріп шығарыпты. Кітаптың форматы да, типографиялық орындалуы да керемет. Төртінші түптемемен қатталған мұқабасының суреттік-бояулық шешімі де ерекше көз тартады. Кітап кіріспе, негізгі үш бөлім, қорытынды және бірқатар қосымшадан тұрады. Мұндағы материалдармен таныса отырып, еліміздегі дирижерлік өнердің қалыптасу кезеңінен мол мағлұмат алуға болатынын аңғардық. Автор өз ойларын жинақтап, әрбір тарау бойынша қорытынды беріп отырған. Зерттеудің бірінші тарауы – «Қазақстандағы дирижерлік өнердің бастауы» (1900-1945) деп аталыпты. Бұл – бірінші кезең. Онда автор өткен ғасыр басындағы түрлі тарихи деректерге ғылыми шолу, талдау жасаған. 1934-1945 жылдардағы дирижер шығармашылығының тармақталуы, опера театрының ашылуына байланысты дирижерлік өнер өкілдерінің қалыптасу үдерісіне тоқталған.



Дирижер – көптің көз алдында жүретін өнер иесі. Сол себепті мамандар ортасының оларға қоятын талаптары да болады. Кезінде дирижердің іс-қимылдарына тән үлгінің озығын Ш.Қажығалиев көрсетіп кеткен болса, бүгінде мануал әрекеттен бөлек оркестр дирижерінің музыкалық шығарманы естіп, өзіндік орындаушылық трактовка жасай білу жағды да ескеріледі. Осы тұста дирижердің музыкалық шығарманың формасын түсінуі, композитордың тақырыпты дамытудың қандай принциптерін қолданғаны, шығарманың музыкалық әуендерін вертикаль (гармониялық) немесе горизонталь (полифониялық) түрде дамытқаны танылады.



ӨНЕР ДОДАСЫНЫҢ ДАУЫЛПАЗЫ

Одан әрі «Қазақстан дирижерлік өнерінің кәсіби белесі» (1945–1990) деген тақырыппен екінші кезеңді қарастырған. Оны опера театрының төңірегіне топтастырып, А.Жұбанов, Л.Шаргородский, Г.Столяров, Е.Манаев, В.Карпов, Г.Дуғашев, Н.Тілендиев, Р.Мансуров, Т.Мыңбаев, Б.Жаманбаев, Р.Салаватов, Т.Әбдірашев сияқты дирижерлердің жұмысындағы жетістіктерді қарастырады. Олардың әрқайсысына тоқталып, дирижерлік репертуары, ұстаздығы, жекелеген опералық шығармаларға жасаған трактовкасына тереңдеуге тырысқан. Қазақ опералары, соның ішінде «Біржан – Сара» операсына белсене кіріскен Г.Столяровтың еңбегі ерекше көрсетілген. Оның Д.Шостаковичтің ұзақ жылдар бойы қойылымнан түсіп қалған «Леда Макбет из Мценского уезда» атты шығармасының қойылымына араласқанын, А.Даргомыжский, П.Чайковский, Дж.Россини, Ш.Гуно, басқа да көрнекті композиторлардың опералық спектакльдеріне жетекшілік жасап, тәжірибе жинақтағаны айтылған.

Г.Столяровпен бірге кезінде Қазақстанға келген Е.Манаев, Г.Дуғашев, В.Чернов, И.Зак, Т.Османов, В.Рутгер, Р.Садықова, Р.Салаватов сияқты көрнекті дирижерлердің ғұмырбаяны мен шығармашылығы туралы толымды пікір сабақтап, бүтін бір тарихи кезеңге талдау жасалған.

Осы бөлімнің бір тармағы симфониялық оркестр дирижерлеріне арналыпты. Зерттеу мақсатқа орай Ф.Мансуров, В.Яковлев, И.Островский, Т.Мыңбаев, Т.Әбдірашевтердің дирижерлік ұстанымдары қарастырылған. Автор сөз етіп отырған соңғы дирижерлердің қызметіне біздің де куә болғанымыз бар. Айталық, Т.Мыңбаевқа дейін мемлекеттік симфониялық оркестрдің репертуары көбіне дәстүрлі музыканың төңірегінен ұзап шықпаған болса, Т.Мыңбаев өзінің дирижерлік шеберлігімен қатар композиторлық білігін де көрсетіп, заманымызға тән модерн-музыка үлгілерін оркестр репертуарына қосқан еді.

Дирижер – көптің көз алдында жүретін өнер иесі. Сол себепті мамандар ортасының оларға қоятын талаптары да болады. Кезінде дирижердің іс-қимылдарына тән үлгінің озығын Ш.Қажығалиев көрсетіп кеткен болса, бүгінде мануал әрекеттен бөлек оркестр дирижерінің музыкалық шығарманы естіп, өзіндік орындаушылық трактовка жасай білу жағды да ескеріледі. Осы тұста дирижердің музыкалық шығарманың формасын түсінуі, композитордың тақырыпты дамытудың қандай принциптерін қолданғаны, шығарманың музыкалық әуендерін вертикаль (гармониялық) немесе горизонталь (полифониялық) түрде дамытқаны танылады.

Мүсілім Әмзе осындай кәсіби мәселелерге де деңдеп баруға тырысқан. Оны зерттеудің екінші тарауынан байқауға болады. Мұнда автор қазақстандық дирижерлердің жеке шығармашылығы мен музыкалық репертуарына арнайы тоқталған. Қазақ топырағында еңбек етіп, дирижерлік өнердің дамуына үлес қосқан өнер иелерінің барлығын дерлік тізіп шығып, олардың опера, симфония және ұлт аспаптар оркестрінің музыкалық репертуарын қалыптастырудағы еңбегін саралаған.

Кез келген дирижердің білімі, білігі және тәжірибесін оның жетекшілігімен орындалған музыкалық шығармалар тізімінен аңғара беруге болады. Бұл мәселеде репертуардың атқаратын қызметі ерекше. Мысалы, өткен жолымызға қарап отырсақ, Қазақстандағы симфониялық оркестр дирижерлерінің барлығы бірдей әлем музыкасындағы экспрессионистік бағыттағы шығармаларды насихаттай бермеген. Көп дирижерлер Веберн, Стравинский, Шёнберг, Шнитке шығармаларына бара бермеген. Оның түрлі себептері бар.

Біріншіден, барлық дирижерлер бірдей модерн стиліндегі шығармаларды түсіне бермеген. Бұл, әсіресе, аға буын өкілдеріне қатысты. Себебі ол шығармалардың авторлары мелодизм принципінен бас тартқан еді. Мелодизм жүйесінен XX ғасырдың бас кезіндегі композиторлар да тартына бастаған. Бүгінгі батыста туған шығармалар үшін әсем мелодияның болуы шарт емес.

Екіншіден, XX ғасырдың екінші жартысындағы композиторлар музыкалық мелодизм ғана емес, тональдік жүйеден де бас тартқан. Сөйтіп, атональдік жүйені өз тәжірибелеріне арқау еткен. Бұл туралы А.Веберн: «Менің музыкалық шығармаларым абсолюттік слухы бар тыңдаушыларға арналған» деп жазып кеткен. Онда ладтық тұрақтылық, тональдік жүйе, мелодизм дегендер болмайды. Оның есесіне додекафония, сериялық техника тәсілдері қолданыла-

ды. Осыны түсінбеген дирижер, әрине, шығарманың көркемдік ерекшелігін аша алады деп айту қиын. Қазақтың кәсіби музыкасында Қ.Қожамиров, Ғ.Жұбанова, Е.Рахмадиевтер симфониялық оркестрді біршама меңгерді. Бірақ олар Батыс Еуропадағы музыка стилін еркін меңгеріп кетті деп айту қиын. Мұның дирижерлік өнерге де қатысы бар.

Қазақтың кәсіби музыкасы – кенжеқұбылыс. Оның қалыптасқанына бір ғасырға жуық мерзім енді болады. Аға буын композиторларымыз ұлттық үн, ұлттық нақыш, ұлттық ырғақ аясында жұмыс істеп, қазақ музыкасының ғасырлар бойғы үн-бояуын сақтап қалуға тырысты. Е.Рахмадиевтің «Құдаша-дұман», «Дайрабай» атты симфониялық күйлерінде жаңалықтың лебі болды. Соның бастысы экспрессионистік ырғақтағы тональдік-модуляциялық, секвенциялық қозғалыс болатын. Мұндай музыкалық даму принципін С.Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны», М.Қойшыбаевтың «Атырау» поэмаларынан кездестіру қиын. Олардың бірі мелодизм, екінші тематизм принципіне негізделген шығармалар болатын. Сондықтан дирижерлік өнердің де екі түрлі сатысын құрайды.

Музыка өнерінде әлемдік классика, ұлттық классика және бар. Төл композиторларымыздың симфонизмді поэма жанрынан бастағаны белгілі. Бұл ретте Қ.Мусиннің «Жайлауда», Қ.Қожамировтың «Ризвангүл», С.Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» сияқты туындыларын атауға болады. Жалпы музыка тарихында «поэма» деген музыкалық форма жоқ. Классицизмнің соңын ала бере «симфониялық поэма» деген жанрдың туғаны рас. Біз айтып отырған «Шаттық Отаны» бір ғасырға жуық ұлт аспаптар оркестрінің репертуарынан түспей келеді. Оркестрге арналған партитурасының титулдық бетінен «симфониялық поэма» деген жанрлық анықтаманы оқуға болады. Бірақ осыған қатысты пікір білдірген музыка зерттеушілері болған емес.

«Поэма» мен «симфониялық поэманың» айырмасы өте зор. Біз осыны ажырата

үстем. Әрбір дирижер орындалғалы тұрған музыкалық шығармаға осы тұрғыдан ой жіберіп, оның формасына жанаша талдау жасай білсе, шығарманың мазмұны да ашыла түспек. Демек, ұлт композиторларының шығармаларын орындау барысында дирижерге көп ізденіс керек.

Зерттеуде ұлт аспаптар оркестрімен жұмыс істеген Ф.Мансуров, В.Яковлев, И.Островский, т. б. қызметі біршама жинақталған. Олар көбіне ұлттық репертуармен жұмыс істеген болса, симфониялық оркестрге жаңа леп әкелген Т.Мыңбаев шығармашылығы да қамтылған. Мәселе репертуар жаңартуға ғана емес, сол жаңа шығармалардың құрылымдық, тақырыптық, композициялық-техникалық ерекшеліктерінде. Мысалы, экспрессионизм өкілдерінің шығармаларын қазақ симфониялық оркестрінің репертуарына енгізген Т.Мыңбаев болды. Сол жылдары симфониялық оркестр көптеген гастрольдік сапарларға шығып, одақ көлеміне, шетелге де танылып қалған еді. Өкінішке қарай, экспрессионизм стиліндегі шығармалар кейін симфониялық оркестр репертуарынан түсіп қалды.

Мүсілім Әмзе өз зерттеуінде қазақстандық дирижерлерді опера, симфония, ұлт аспаптар оркестрі немесе хор дирижері деп өнердің түрі бойынша жіктемей, дирижерлік өнердің жалпы қалыптасуы мен мануал техниканың дамып жетілуі тұрғысынан сөз етіпті. Осы мақсатына сай монографияда опера, симфониялық оркестрдің дамуы, музыкалық репертуары жан-жақты қарастырылған.

Т.Мыңбаев Қазақстаннан кеткен кезде түрлі музыкалық ұжымдардың дирижерге жарымай қалғаны бар. Күн тәртібінде «Симфониялық оркестрді кім басқарады?» деген мәселе тұрды. Оған Е.Рахмадиев, Қ.Қожамиров, Ғ.Жұбанова сияқты көрнекті колмпозиторлар араласып, ақыры тандау Герберт фон Караян конкурсының дипломанты Төлепберген Әбдірашевке түскен еді. Көпшілік алғашқыда сын көзімен қараса да, Төлепберген өз жұмысын дөңгелетіп алып кетті. Біздер мемлекеттік емтиханды тапсырғанда ірі симфониялық



алмай келеміз. Поэма – жанр емес, шығарма атауы. Композитор шағын да болса ойлы шығармасына «поэма» деген атау беруі әбден мүмкін. «Шаттық Отаны» да сондай поэма. Ал біз оны симфониялық поэма деп жүрміз. Себебі шығармада классикалық ұғымдағы өңдеу (разработка) бөлімі жоқ. Экспозициясының тональдік құрылымы, әсіресе, негізгі партиядан қосалқы партияға өтетін модуляцияның көркемдігі жоғары емес. Оны мелодиялық модуляция десе де болады. Көп дауысты оркестрлік шығарма үшін бұл үлкен кемшілік. Симфониялық поэма жанрының классицизм мен романтизмнің арасында туғаны белгілі. Әдетте бұл бір бөлімді симфониялық шығармаға қатысты қолданылады. Оның ортаңғы бір тармағы – өңдеу. Ал «Шаттық Отаны» шығармасында ондай бөлімі жоқ. Оның орнына негізгі тақырыппен байланысы шамалы полифониялық элементтер қолданылған.

Н.Тілендиевтің «Махамбет» поэмасы да осыған жуық. Шығарманың тематизмі, даму принциптері, жалпы драматургиясы тартымды, әсерлі. Бірақ оны классикалық ұғымдағы симфониялық поэма деуге келе бермейді. Экспрессия, жойқын ырғақтық-интонациялық күш бар да, музыкалық форма жағы көмескілеу. Онда сонаталық аллегро форманың құрылымына тән белгілер байқала бермейді. Экспозициясында негізгі және қосалқы партиялардың ара-қатынасына құрылған тональдік жүйе (T-S, D-T) сақталмаған. Поэманың өңдеу бөлімінде экспозициядағы негізгі және қосалқы партиялар одан әрі дамытылмайды. Шығармада түрлі тақырыпқа негізделген фрагментарлық құрылым

шығармаларымызды Т.Әбдірашев басқарған симфониялық оркестр орындады. Бір аптадай оркестрмен жұмыс істеген кезде Төлепберген ағамыздың өз ісіне жетік екенін байқаған едік. Ақырында бір өзі Алматыдағы бірнеше мекемелердің дирижерлік пультін басқарғаны бар.

Зерттеудің үшінші тарауы «Тәуелсіздік жылдарындағы дирижерлік өнер» (1990-2010) деп аталыпты. Онда негізінен қазақстандық дирижерлердің техникасы мен шеберлігі қарастырылған. Сонымен бірге дирижердің жұмысына шығармашылық сипат беретін аспаптау (инструментовка) – шығарманы оркестрге лайықтап жазу тәжірибесіне тоқталыпты. Дирижер үшін музыкалық шығарманы, ән немесе күйді аспаптай білу өте қажет. Онсыз шын мәніндегі дирижердің қалыптасуы қиын. Міне, Мүсілім Әмзепің монографиясына арқау болған өзекті мәселелердің бір парасы осы. Автор көтерген мәселелердің тарихи-танымдық және тәжірибелік қызығай аяқын. Мұнда Қазақстандағы дирижерлік өнердің туу, қалыптасу, даму белестері сөз болып, ғылыми тұрғыдан жинақталған. Кітаптың соңғы тарауына бір симфониялық шығарманың авторлық трактовкасын талдап көрсеткенде тіпті дұрыс болар еді. Теория керек, бірақ дирижердің авторлық тәжірибесінің де маңызы аса зор екенін ұмытпалық.

Зерттеуші Мүсілім Әмзе кітабымен танысқаннан соң туған кейбір ой-ұсыныстарымыз осы еді.

Тынысбек ҚОҢЫРАТБАЙ,
филология ғылымының докторы,
профессор

Тәжірибе – үлкен мектеп

Жасөспірім шақтан үлкен өмірге қадам басқан сәтте дұрыс таңдау жасау өте маңызды. Кейіпкеріміз 2004 жылы оқуын тәмамдап, жергілікті «Қызылорда электр таратушы тораптар компаниясы» мекемесіне жұмысқа орналасады. Ол тұста бұл кәсіпорын жекеменшік иелігінде еді. Осы мекемеде алты айға жуық еңбек етеді. Алғашқы еңбекақысы шамамен 12-13 мың теңге көлемінде болған екен. Ол кезде кәсіпорын дағдарысты бастан өткеріп жатқандықтан, жалақы жиі кешігетін. Кейде айлықтың орнына үн беретін.

– Ол уақытта жасым небәрі он тоғызда еді. Қатарлас достарым мен таныстарымның базарда саудаман айналысып жүргенін көріп, қатты қызығатынмын. Демалыс күндері солардың қасына барып, қосымша табыс табу үшін көмектесіп жүрдім. Жарты жыл мекемеде жұмыс істеп біржола базарға шығуды ұйғардым. Ашығын айту керек, ол кезде дейін қолымызға көп көлемде қағаз ақша ұстап көрмеген біз үшін сауданың жөні бөлек көрінді. Ай бойы 12 мың теңгеге жұмыс істеп жүрген адамға күніне 2-3 мың теңге таза табыс табу деген бір жетістік секілді. Осылайша, қалтаңда күнделікті нақты ақшаның болуы мені кәсіпкерлікке жетеледі. Бұл, мүмкін, жастық шақтың тәуекелге толы албырт шешімі де болған шығар. Сатушы болып жүріп, қасымдағы достарыммен бірігіп, өз ісімізді ашуға талпындық. Бірлесіп іс бастаймыз, жұмысымыз біршама алға басадy, бірақ тәжірибенің аздығы мен жастықтың салдарынан тапқан қаржының басын біріктіре алмай, кәсіпті тоқтатуға мәжбүр болған кездеріміз де аз болмады, – дейді кәсіпкер.

Тәжірибе – үлкен мектеп. Асхат Шәукембаев біраз жылын базарда өткізіп, сауданың қыр-сырын меңгерді. Заман талабына қарай алдымен кассета, кейін DVD дискілерін, содан соң тұрмыстық техникаларға арналған тұғырларды сатып, нарықтың тамырын басып көрді. Ол заманауи маркетингте трендке айналған «қосымша тауар ұсыну» тәсілін сонау базарда жүрген кезде қолданған. Дүкен иесіне негізгі өніммен қатар оған қатысты қосымша дүниелерді де қоса сату туралы ұсыныс тастайды. Дүкенге келген тұтынушы тек телевизор сатып алып қана қоймай, оған қажетті кассета, диск сатып алатын. Бұл әдіс сауда айналымын арттырып, болашақ кәсіпкердің нарық заңдылықтарын ерте меңгеруіне үлкен септігін тигізді.

– Бизнесің негізгі әліппесің базарда жүріп үйрендім. Тауарды Алматы қаласынан әкелеміз. Менің өмірдегі де, бизнестегі де алғашқы ұстазым Дүйсенбек есімді азамат болды. Ол кісі өз білгенін аямай үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырды. Бір күнде 100 000 теңгеге дейін таза табыс тапқан кездеріміз болды. Ол кездің өлшемімен қарасақ, «үш күндік миллионер» сияқты сезінетінбіз. Алайда жас болғандықтан, тапқан қаржыны бірден жаратып жіберетінбіз. Ақшаның бір бөлігін айналымға салсақ, қалғанын оңды-солды жұмсадық. Кейін уақыт өте келе өткенге талдау жасап қарасам, көк кезеңдегі қоматты қаржының басын біріктіре алмауымыздың басты себебін түсіндім. Біз бір кәсіпті аяғынан тік тұрғызбай жатып, бірден екінші кәсіптің басын бастаймыз. Содан соң жұмыс істеп тұрған бизнестің таза пайдасын әлі жүрмей жатқан, шығыны көп екінші бизнеске құйып, бар тапқанымызды соған «жұтқызып» жібереді екенбіз. Мұндай қателіктерді тек арада жылдар өтіп, тәжірибе жинақтағанда ғана барып түсіндік, – дейді Асхат Шәукембаев.

Ол «базар бұдан 5000 жыл бұрын да болған, қазір де бар және болашақта да жойылмайды» деп есептейді. Базардың ыстық-суығына күйіп, сауданың қиындығын көзбен көрген адам бизнесіңі кедергілерге шыдамды болады. Кез келген кәсіпте, тауарды өзіңіз өндіренсіз де, сырттан тасымалдасаңыз да, оның алға жылжуы үшін ең бірінші өткізуге байланысты. Сондықтан кәсіп бастамас бұрын, алдымен сол тауарды «қалай және кімге сатамын?» деген сұрақтың жауабын, яғни өткізу жолын нақты ойластыру керек. Бизнесіңе «өткізу нарығы» дегенді үлкен базар немесе дүкен деп емес, тауарыңызға зору адамдар деп түсінген жөн. Мысалы, сіз мектеп формасын тіксеңіз, сіздің өткізу нарығыңыз – ата-аналар. Кез келген өндірісті бастамас бұрын, «бұл тауарды кім сатып алады?» деген сұраққа жауап табу, яғни өткізу нарығын нақтылап алу маңызды. Кәсіпкер мұны уақыт өте келе, өз тәжірибесі арқылы түсінгенін жасырмайды. Өйткені сауда жасай білетін, өткізу нарығын жетік меңгерген маман қай кезде де ұтылмайды және кез келген экономикалық дағдарысқа төтеп бере алады. «Қап, осы жерде өткізген алты жылым босқа кетті-ау» деп өкінген сәттерім де болды, – дейді кәсіпкер.

– Өмірде ештен де жайдан-жай болмайтынына кейін көзім жетті. Ол жылдар маған баға жетпес тәжірибе сыйлады. Кәсіпкер болу үшін міндетті түрде банк ісін, заңгерлікті немесе басқа бір арнайы мамандықты оқу керек деген қатып қалған заңдылық жоқ. Бұл – жансақ түсінік. Мен кейбір жастарды түсіне алмаймын, олар барлық өмірі мен болашақ жетістігін тек дипломаға немесе бір ғана мамандыққа байлап қояды. Мәнінше, ол дұрыс емес. Адам өмірлік жағдайға байланысты қолынан келетін, икемі бар мамандықты оқи береді, бірақ шынайы өмірде табысты болу үшін диплом емес, талпыныс пен тәжірибе маңыздырақ, – дейді ол.

Олимп шыңын бағындыру құрбандықты талап етеді

Кәсіпкерліктің дәмін бір рет татып көргеннен кейін, ол санадан ешқашан кетпейтін, жанды баурайтын құштарлыққа айналады екен. Халық арасында: «Адам базарды, сауданы тастап кетпейді, тек сауда адамды тастап кетуі мүмкін» деген тәміс бар. Ол 2012 жылы негізгі жұмысын қойып, өзі жақсы білетін кәсіпкерлік саласына біржола қайта оралады. Тендермен айналысып жүрген кезде алдымен тұрмыстық техника сатты, кейін оған

жиһаз өнімдерін қосты, содан соң спорт тауарларын айналымға енгізді. Осылайша үш түрлі тауар бағытын бірдей тасымалдап, түрлі мекемелер мен тапсырыс берушілерге жеткізіп беріп жүрді. Оның ойынша, кәсіптегі ең басты қадам – адамның ниетінің түзу болуы. Таза ниеттің арқасында бұл жолда оған ізгі ниетті, жақсы адамдар көп көмектесті. Бірде Алматы қаласына алғаш рет тауар сатып алуға барды. Қалтасында азғантай ғана қаржысы бар, ол жақтың нарығын да бұрын-соңды көрмеген еді. Сонда оны мүлдем танымайтын көтерме сауда орындарындағы азаматтар: «жақсы, сен қолыңдағы барыңды төле, ал жетпей тұрған қалған соманы саған сеніммен қарызға бере тұрайық», – деп үлкен қолдау көрсеткен екен.

– Ол кезде менде шамамен 2 млн теңге ғана қаражат бар еді. Қалған тауарды сенімхатпен, адамдардың көмегімен жинақтап, шағын ғана дүкен аштым. Ішінде бос орын қалдырмай, тауардың барлығын көз тартарлықтай етіп іліп қойып, өзім сатушы болып отырдым. Қазіргі заман тек бір ғана жұмысқа байланып отыратын уақыт емес. Қосымша қызмет түрлерін де қатар дамытып, тәулігіне 16-17 сағат бойы бел жазбай еңбек еттім. Күндерім қарбаласқа толы болды. Таңнан кешке дейін дүкенде, ал түнде компьютер алдында құжаттармен жұмыс істейтінмін. Тіпті кейде Алматыдан тауар тиіп тұн жарымында келіп, екі-үш сағат ғана ұйықтап, таңғы

– Әуелі Құдай, екінші отбасының қолдауы ерекше әсер береді. Кейде ер азаматтың жұмысы алға бассаң деп, үй ішіндегілер өзіне қажетті



БАЗАРДАН БАСТАЛҒАН БИЗНЕС

сағат 5-6-да аудандарға жол тартатынмын. Ол жақтағы мекемелерге заттарды жеткізіп, оларды өз қолыммен құрастырып, орнатып беретінмін, – дейді кәсіпкер.

Жетістік формуласы

Биік белестерді бағындырған кез келген кәсіпкердің артында тек қажырлы еңбек қана емес, сенімді тірек пен мықты ұжым тұрады. Сондай-ақ бизнестің деңгейі өскен сайын оның әлеуметтік жауапкершілігі де арта



түспек. Кейіпкеріміз өзінің жетістік формуласын үш негізгі фактормен байланыстырады. Ол – жаратқанның қалауы, отбасының қолдауы, ортақ мақсатқа жұмылған команданың күші. Осылайша, ісі оңға басып, аяқтан тік тұрғаннан кейін, 2018-2019 жылдардан бастап қоғамдық жұмыстарға белсене араласа бастайды. Бұл бір жағынан маркетингтік қадам болса, екінші жағынан «мен қоғамнан не аламын және бұл қоғамға не бере аламын?» деген ішкі ізденіс пен жауапкершіліктен туған еді. Елімізде басқа салаларда да керемет жұмыс істеп жатқан азаматтар аз емес. Оған бұйырғаны – осы кәсіпкерлік.

ақша кәсіпке керек» деп түсіністік танытудың өзі – ер азамат үшін үлкен мәртебе, зор демеу. Екінші кезекте айналының сөзбен болсын, іспен болсын қолдауы маңызды. Ал үшінші, адамды нақты жетістікке жеткізетін – ол мықты команда. Егер менің қасымдағы ұжымым, сенімді серіктестерім әлсіз болса, біз бүгінгі биікке жете алмас едік. Жалпы, менің басты ұстанымым – «қоғамнан үнемі бірнәрсе алу» емес, «қоғамға барынды беру». Біз спорт тауарлары нарығында жүргендіктен, негізгі бағытымыз да – спорт саласы. Осы мақсатта түрлі бұқаралық спорттық шараларға белсенді түрде демеушілік жасап,

қолдау білдіріп келеміз. Түпкі мақсатымыз – ел игілігіне, өсіп келе жатқан жас ұрпақ пен өз балаларымыздың болашағына пайдамызды тигізу. Қоршаған ортаға, қоғамымызға қолдан келгенше жақсы жағынан оң өзгерістер енгізіп, үлесімізді қоссақ дейміз. Сондықтан бұл бағыттағы қайырымдылық пен демеушілік қолдауымызды әрі қарай да үздіксіз жалғастыра береміз, – дейді спорт жанашыры.

Үнемі бірнәрсе алу емес, бере де білу

Қазіргі құбылмалы нарық заманында бір орында тұрып қалу бизнестің тоқырауына әкелетіні белгілі. Сондықтан уақыт талабын ерте түсінген кәсіпкер бүгінде бизнесті әртараптандыру бағытында белсенді жұмыс істеп жатыр. Ол тек спорт тауарларымен шектелмей, жылжымайтын мүлік және ауыр техника салаларында бақ сынауда.

– Бүгінде біз бизнесті жан-жақты дамыту мақсатында әртараптандыру жүйесіне көштік. Өзіміз салған ғимараттың бір бөлігін коммерциялық мақсатта жалға беріп отырмыз. Одан бөлек, ауыр әрі үлкен техникалар нарығында да бағымызды сынап көрудеміз. Бұл ретте мемлекеттің қолдауы үлкен септігін тигізуде. Мәселен, «Бизнестің

бағдарламалары аясында тиімді несие алып, соның арқасында қажетті техникаларымызды сатып алып, жаңа нысандар салдық. Әрине, нарық бір орнында тұрмайды. Қазіргі таңда электронды дүкендер мен маркетплейстердің дәуірі жүріп тұр. Қытай базары әр тұтынушының табалдырығына келіп тұрғандай. Мұндай бәсекелестік ортада біз де заман көшінен қалмауға тырысамыз. Бүгінде біз тек Қызылорда қаласының шеңберімен ғана шектеліп қалған жоқпыз. Жастардың басым бөлігі шоғырланған «Instagram» желісі мен заманауи платформаларды тиімді пайдалана отырып, тауарларымызды бүкіл Қазақстан аумағына таратамыз. Өнімдерімізді еліміздің түкпір-түкпіріне көтерме бағада да, бөлшектеп те жеткізіп беру жүйесін жолға қойдық, – дейді кәсіпкер.

Мемлекет экономикасының алға қарай қарқынды дамуы үшін елде орта тап, яғни орташа табысы бар азаматтардың үлесі көп болуы тиіс. Сол кезде ғана нарықта шынайы қозғалыс болады. Себебі алпауыт кәсіпкерлер тапқан қаржысын көбіне Қазақстанда жаратпайды, оны шетелдік банктерге апарып, сыртта жұмсауға бейім тұрады. Ал орташа табысы бар қарапайым азаматтар тапқан әрбір теңгесін өз елімізде қалдырады. Олар осы жерде сауда жасайды, осы жерде бала оқытады, осы жерде қызмет тұтынады. Демек, орта тап – ішкі нарықты айналымға қосып, өз экономикамыздың өркендеуіне тікелей және нақты үлес қосатын негізгі күш. Кәсіпкер кез келген дамушы мемлекет сияқты Қазақстан үшін де импортқа тәуелділіктен арылып, отандық өндірісті жолға қою қажет екенін айты.



Бүгін бастап, ертең байып кетуді ойлау – үлкен қателік

– Еліміздің әлі де қарқынды дамып, ішкі нарықтың өсуі үшін Қазақстанда кәсіпкерліктің, соның ішінде өндірістің өркендеуіне шикізат базасының жетіспейтіндігі қатты байқалады. Иә, бізде мұнай, газ және өзге де табиғи байлықтар бар, олар белгілі бір бағыттар бойынша өңделіп, бөлінеді. Алайда қарапайым дайын өнім шығарамыз десек, оның бастапқы шикізатын міндетті түрде Қытайдан, Ресейден немесе Өзбекстаннан тасымалдауға мәжбүрміз. Қазіргі таңда біз Қытай нарығынан өзіміздің брендімізді қалыптастырып, жеке логотипімізбен дайын заттарды тапсырыспен шығартып алып келіп жатырмыз. Әрине, ол өнімдерді дәл осы жерде, Қазақстанда да өндіруге болады. Себебі мен сырттан әкелген тауарды нарыққа кіргізе отырып, оның сұранысын зерттеймін, тұтынушыны үйретемін. Содан кейін, өнімнің қай жерінде кемшілік бар екенін анықтап, қателіктерді түзеп, Қызылорда қаласынан өзіміздің жеке өндірістік цехымызды ашсам деген жоспарым бар. Осы идеяны іске асыру мақсатында Қызылордадан спорттық және футбол формаларын тігетін цех ашуды ойластырдым. Ол үшін қажетті заманауи станоктарды, жабдықтардың бағасын, мата мен материалдардың құнын егжей-тегжейлі зерттеп, жергілікті тігіншілерді іздестіре бастадым. Шағын тігін цехтарынан: «Бір футболка мен шорты-дан тұратын жиынтықты қаншаға тігіп бересіздер?» деп сұрадым. Олар бір жиынтықтың жұмыс күшіне 5 000 теңге сұрады. Мен оларға: «Менің тапсырыс көлемім аз емес, егер бірден 100-ден аса данамен көп мөлшерде берсем, қанша болды?» – деп сұрадым. Сонда олар бағаны тек 3 500 теңгеге түсіре алатындарын айтты. Ойланып қарасам, мен дәл сондай сапалы дайын спорттық киімді Түркиядан барлық жол шығынын қосқандағы өзіндік құнымен дәл осы 3 500 теңгеге дайын күйінде алып келе аламын. Демек, жергілікті тігіншілер маған тек тігу жұмысының өзіне сырттан келетін дайын тауардың бағасын қойып отыр. Сонда менің қымбат станоктар мен құрал-жабдықтарға салған капиталым, шикізат сатып алуға жұмсаған қаражатымын барлығы ақталмай, босқа шығын болып қалып қояйын деп тұр. Мен бұл мәселені бір ғана шеберханадан емес, бес-алты жерден барып сұрастырдым, бірақ бәрінің шығарған есебі мен бағасы бірдей болып шықты.

Бізге бизнес философиясы жетіспейді

Міне, осындай сәттерде нағыз «кәсіпкерлік ойлау жүйесі» мен қарапайым қызмет көрсетушінің арасындағы айырмашылық көрінеді. Мұндай кең ауқымды бизнес философиясы екінің бірінде бола бермейді. Кәсіпкерлік ойлау жүйесі бар адам бір дана тауардан көп пайда тапқаннан, өнімнің бағасын 100 теңгеден төменірек қойып, бірақ оны 300 данамен көп мөлшерде сатып, айналымнан бірден 30 000 теңге таза табыс алудың тиімді екенін түсінеді. Ал біздің кейбір жергілікті мамандар ауқымды тапсырыспен айналымды ұлғайтудың орнына, «аз жұмыс істеп, көп ақша табамын» деген ескі көзқарастан аса алмайды, – деді кәсіпкер.

Тауарды сата білу – басты өнер

Жалпы, саудалағы ең басты қағида – тауарды сата білу екені даусыз. Алайда, тауарды жақсы сатқан адамның бәрі бірдей мықты кәсіпкер болып кете алмайды деп есептейді. Себебі нарықта сауданы өте жақсы дөңгелететін, бірақ тапқан қаржысын дұрыс басқара алмай, жинай алмайтын азаматтар жиі кездеседі. Егер адам бойындағы осы екі қасиетті үйлестіре білсе, яғни өнімді шебер өткізе алып, сонымен қатар қаржылық сауаттылықты сақтап, ақшаны орынды жинай аласа, оның бизнесте жоғары нәтижеге жету мүмкіндігі әлдеқайда жоғары болады деген пікірде. Кейіпкеріміз тек бизнестің құпияларымен ғана шектеліп қалмай, ұлт саулығының кепілі – бұқаралық спорттың маңызына тоқталды. Сонымен қатар нарық айданына енді ғана қадам басқан жас кәсіпкерлерге алтынға бергісіз кеңесін айтты.

– Кәсіптен бөлек, мені қатты толғандыратын мәселе – елдегі бұқаралық спортты тұрақты ұйымдастыру және оның ауқымын кеңейту. Кәсіби спорттың орны бір бөлек, ол мемлекеттік қолдаудың, арнайы бөлінген бюджет пен жүйелі саясаттың арқасында өз биігінде дами береді. Ал бұқаралық спорт деңгейіміз – бұл қарапайым халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен өмір салты. Мұғалімдер мен медицина қызметкерлері, құқық қорғау мен келен саласының өкілдері, жалпы барша бұқара халықтың спортты серік етуі – ұлт саулығының басты кепілі. Егер біздің жұмыла отырып, бұл бастаманы жан-жақтан қолдап, бұқаралық спортты әр шаңырақтың күнделікті әдетіне айналдыра алсақ, дені сау ұрпақ қалыптастырамыз анық. Егер уақыт өте келе ел-жұрт мені қаламыздағы бұқаралық спортты дамытуға өзіндік үлесін қосқан, қоғамға пайдалы азамат ретінде танып, есінде сақтаса – бұл мен үшін өмірдегі ең үлкен мәртебе әрі ең үлкен жетістік болар еді. Кәсіпке енді қадам басып жатқан жас кәсіпкерлерге айтарым: «Бүгін іс бастап, ертең-ақ байып кетемін» деп ойлау – үлкен қателік. Жастар дәл осы тұста асығыстық танытып, сәтсіздікке ұрынып жатады. Егер сіз бастаған ісіңіздің жемісін ертең емес, бір жылдан, екі жылдан кейін көретініңізге сеніп, болашақты жоспарлай білсеңіз, сонда ғана кәсібіңіз алға басадy. Олимп шыңын бағындыру үшін адам міндетті түрде бірнәрсені құрбан етуі тиіс: ең алдымен алтын уақытынды, сосын бар күш-жігеріңді сарп етуге тура келеді. Табысқа жету үшін осы қиындықтардың бәрінө іштей дайын болу керек, – дейді Асхат Шәукембаев.

Думан КЕҢШІЛІК



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3291 Тапсырыс №1267

Номердің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.